

## "Министрліктің 1995 жылғы 20.07. N 146 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы"

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің 1996 жылғы 24 сәуірдегі N 94 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 25 маусымда тіркелді. Тіркеу N 18. Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2005 жылғы 20 мамырдағы N 186-I бұйрығымен.

"Министрліктің 1995 ж. 20.07. N 146 "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Көлік инспекциясы органдарының әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі өндірістік істері бойынша Нұсқаулықты бекіту туралы" бұйрығына және "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Көлік инспекциясы органдарымен әкімшілік құқық бұзушылықтары жөнінде істер жүргізу бойынша Нұсқаулыққа" қатысты жіберілген Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының 1996 жылғы 9 сәуірдегі (N 23-6-534-96) және 1996 ж.12.04. N 7-6-360-96 наразылық білдіруі негізді деп танылсын.

Көлік инспекциясының органдарында әкімшілік құқық бұзушылық бойынша "Мәлімдеулерді", "Хаттамаларды" құрастыру жөніндегі істерді тәртіпке келтіру мақсатында бұйырамын:

1. ҚазКСР Кодексінің 169, 169-1 баптарындағы Көлік инспекциясы органдарымен әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі істерін қарауға қатысты министрліктің 1995 ж. 20.07. N 146 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Көлік инспекциясы органдарының әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі өндірістік істері бойынша Нұсқаулығының іс-әрекеті тоқтатылсын.

2. Министрліктің 1995 ж. 20.07. N 146 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Көлік инспекциясы органдарының әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі өндірістік істері бойынша Нұсқаулығына қоса берілген өзгертулер және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне тіркеуге ұсынылсын.

3. Қазақстан Республикасының Көлік инспекциясы (Ысқақов Б.С.) Қаз КСР КоАП 169, 169-1 баптарында қарастырылған әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі белгіленген тәртіппен қарауға әзірленген барлық істері осы санатты

істерді қарауға уәкілденген тиісті органдарға тапсырсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау министрдің бірінші орынбасары Әлиғожанов С.Қ. жүктелсін.

Министр

Қазақстан Республикасы  
Көлік және коммуникациялар  
министрлігінің  
1996 ж. 24.04. N 94

бұйрығымен бекітілген

**Министрліктің 1995 ж. 20.07. N 146 бұйрығымен бекітілген  
Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар  
министрлігі Көлік инспекциясы органдарының әкімшілік  
құқық бұзушылық жөніндегі өндірістік істері бойынша  
Нұсқаулыққа ӨЗГЕРТУЛЕР 1. 1-бөлім**

1.4. тармағы мына редакцияда баяндалсын:

"Көлік инспекциясының органдары Қазақ КСР әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі Кодексінің (бұдан әрі - КоАП) жолаушылар мен жүктерді көлікпен тасу қызметіндегі кәсіпкерлік қызметті лицензиялауға қатысты 169, 169-1 баптарда қарастырылған әкімшілік құқық бұзушылықты айқындайды";

2 . 2 - б ө л і м

2.11 тармақта "үшін" деген сөзден кейін "қарау" деген сөзді алып тастай отырып, "әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі істерді қарауға уәкілденген органға (лауазымдық тұлғаға) белгіленген тәртіппен бұдан әрі тапсыруға" деген сөздермен толықтырылсын.

2.15-тен 2.24-ке дейін тармақтар шығарып тасталсын.

3 . 3 - б ө л і м

3.1 тармақ "Көлік инспекциясының органын" деген сөздер шығарып т а с т а л с ы н ;

3.7 тармақ "қалады" деген сөз "тапсырылады" және "органдарда" деген сөздер "органдары" сөздермен алмастырылсын;

мазмұны мынадай 3.8 тармақпен толықтырылсын:

"Айыппұл салу, лицензияны қайтып алу және басқа әкімшілік айыптар заңмен белгіленген тәртіппен шағымдалатын болады".

4. 4-бөлім шығарып тасталсын.

5. 5-бөлім 4-бөлім ретінде есептелсін.

5.1, 5.3, 5.4 тармақтарда "және қаулылары" деген сөз шығарып тасталсын.

5.1 тармақта "1.2 Қосымша" деген сөзден кейін "3" саны шығарып тасталсын.

5.1, 5.2, 5.3, 5.4 тармақтары 4.1, 4.2, 4.3, 4.4 тармақтар болып есептелсін.

6. 6-бөлім 5-бөлім болып есептелсін.

6.1 тармақтағы "әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі істерді негізді шешу" деген сөздер шығарып тасталсын;

6.2 тармақтағы "қаулылар" деген сөздер шығарып тасталсын;

3.4 және 5 азат жолдар шығарып тасталсын;

6.1, 6.2, 6.3 тармақтар 5.1, 5.2, 5.3 тармақтар болып есептелсін.

7. N 1 Қосымшаның 9 тармағындағы "Куәлардың Т.А.ӘА. және олардың тұрақты жері" деген сөздерден кейін "куәлардың қолы \_\_\_\_\_" деген сөздермен толықтырылсын.

8. Нұсқаулықтың 3 Қосымшасы алып тасталсын.